

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**АТА-АНАЛАРҒА АҚЫЛ-КЕҢЕС:
«БАЛАЛАРДЫ ДҰРЫС ТӘРБИЕЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ»**

Әдістемелік ұсыныстар

**СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ: «ПРИНЦИПЫ РАЗУМНОГО
ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ»**

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

Ата-аналарға ақыл-кеңес: «Балаларды дұрыс тәрбиелеу қағидалары». Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 17 б.

Советы родителям: «Принципы разумного воспитания детей». Методическое рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 16 с.

Әдістемелік құрал тәрбие, оның негізгі формалары мен сипаттамалары туралы жүйелі түсініктерді қамтыған. Олардың арасында – тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың тиімді формалары, баланың психологиялық дамуы негізделетін ата-аналық тәрбие берудің психологиялық қағидалары сияқты заманауи тәрбие беру мәселелері бар.

Құралда берілген тесттер мен тәжірибелік жаттығуларға айрықша көңіл бөлуге тұрарлық, олар оқырмандарға өздері мен өз балаларын дұрыс түсінуге көмектеседі. Олар қызықты және алуан түрлі.

Әдістемелік құрал ата-аналарға, сондай-ақ өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналысатын оқырмандар тобына арналған.

Методические рекомендации отражают систематизированные представления о воспитании, его основных формах и характеристиках. Среди них – проблемы современного воспитания: эффективные формы организации воспитательного процесса, психологические принципы родительского воспитания, на которых базируется психологическое развитие ребёнка.

Особого внимания заслуживают представленные в рекомендациях тесты и практические упражнения, которые помогут читателю лучше понять своих детей. Они интересны и разнообразны.

Методические рекомендации предназначены не только родителям, но и широкому кругу читателей, которые имеют дело с воспитанием подрастающего поколения.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде өскелең ұрпақтың қоғам өміріне, күнделікті өмірге, қоғамдық-өндірістік әрекетке, шығармашылыққа, руханилыққа қосылуы мен кірігуінің күрделі және қарама-қайшы әлеуметтік-тарихи үдерісі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты» деп бұл мәселенің өзектілігін айқындай түсті [1].

Тәрбие жас адамдарды қоғамдық өмір мен өндірістің шарттарына бейімдеу, араластыру, сонымен бірге олардың аға буынның орнын басу қажеттілігінен туындаған. Осының нәтижесінде балалар есейе отырып, өз өмірін және еңбек қабілетін жоғалтқан үлкендердің алаңсыз өмірін қамтамасыз етеді.

Педагогика мен психологияда *тәрбие* – бұл адамдарда қоғам ұсынатын әлеуметтік және педагогикалық талаптарға сәйкес жоғары азаматтық-саяси, моральдық-адамгершілік, психологиялық және дене сапаларын, мінез-құлық дағдысы мен әрекетін қалыптастырудың мақсатты үдерісі.

Тәрбие – шектеулі мағынада – бұл қандай да бір нақты тәрбие беру міндетін шешу; *тар мағынада* – бұл балаларда тұлғаның әлеуметтік-дамыған белгілі сапалар, дамыған көзқарастар мен сенімдердің жүйесін қалыптастыруға мақсатталған тәрбиелеу қызметі. *Тәрбие – кең мағынада* қоғамдағы адамның жан-жақты дамуы үшін мақсатты жағдай жасау (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық) түсіндіріледі.

Баланы туу – бұл болашақ тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың ортақ ісіне қосылған кішкентай ғана үлес екендігін әрбір тәжірибелі педагог айтып бере алады. Жалпы алғанда бала тәрбиесі нағыз ғылымды білдіреді, тәжірибелі педагогтер түрлі жас санатындағы балалармен қарым-қатынас туралы жалпы түсінікті беретін кітаптар мен оқу құралдарын жазуы тегін емес.

Бала тәрбиесі өте маңызды және жауапкершілігі мол іс, оны орындаудан нақты сәбидің болашағы мен жалпы жаңа ұрпақтың қалыптасуы тікелей байланысты. Міне, сондықтан ата-аналар баланың тұлғасын қалыптастыруда басты рөл атқаратындықтан оларға тәрбиелеудің ерекше талаптарын қоямыз.

Құралда тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және негізгі психологиялық әдістер мен қағидалардың сипаттамасы берілген.

1 Балаларды тәрбиелеудің психологиялық қағидалары

Ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек көрсету мақсатында баланың психологиялық дамуы негізделетін ата-ана тәрбиесінің заманауи қағидаларын қарастыру ұсынылады. Бұл қағидалар бала тәрбиелеудің дұрыс, гуманистік талаптарына сәйкес келеді.

Сонымен, қазіргі ата-аналар өз балаларын тәрбиелеуде келесі қағидаларға негізделеді:

1. Ата-аналық өктемшілдік қағидасы

Бұл қағиданы ұстанатын ата-аналар көбінесе бала не істеу керектігін, «ол ата-анасымен бірге тұрған уақытта» өмірлік жағдайларда өзін қалай ұстауы керектігін өздері шешеді.

Кейде мұндай бақылау баланың кіммен достасуын немесе достаспауын, инженерлік немесе экономикалық факультетке түсу керектігін, әкесінің фирмасында ма, әлде басқа жерде жұмыс істейтіндігін, тіпті таңертең тісін жуатынын немесе жумайтындығын ата-аналары шешетін жағдайға дейін жетеді.

Түптеп келгенде, кез келген бала күнделікті тұрмыстың мәселелері бойынша ата-аналық өктемшілдіктен қашып құтыла алмайтындығын айта кету керек. Тыйым салу, рұқсат ету, мадақтау мен жазалау – тәрбиелеудің қарапайым құралдары болып табылады. Әдетте ата-аналары балаға бір нәрсеге неліктен рұқсат етілетінін, ал басқа нәрсеге неліктен рұқсат етілмейтінін түсіндіріп жатпайды.

Ата-аналық өктемшілдікке негізделген тәрбие стилі баланың күшті тұлға болып дамуына жағдай тудырмайды. Мұндай балада өзіндік таңдау жасау мен шешім қабылдау, шығармашылық немесе кәсіби бастама, жауапкершілік пен тәуелсіздік үрдістері аз байқалады.

Осындай балалардың болашақ өмірінде невротикалық ауытқулар дамиды. Мұнан былай олар өзін өмірге бағыттап, нені қалай жасау керектігін айтып беретін адамдарды іздеп жүргендігін аңғармайды (яғни, іс жүзінде олардың өктемшіл ата-анасының орнын басатындарды іздейді). Нәтижесінде мұндай адам болып бастығы немесе әйелі немесе күйеуі шығады.

Өктемшілдік стильде тәрбиелеудің басқа нәтижесі – ымыраға келмейтін бүлікші, өз құқықтары мен еркіндігі үшін үнемі күресіп жүретін күрескер, көтерілісші пайда болу. Мұндай адамдар іштей өз ата-аналарын жек көреді, олардың бала кезінде оның бостандығын шектегендігін жаны жаратпайды.

Бірақ бұл нұсқа сенімсіз және тәуелді адамның қалыптасуы сияқты бірінші нұсқаға қарағанда аз таралған.

2. Ата-аналық табыну қағидасы

Ата-аналар балада өзі туралы шамадан тыс жақсы түсініктер қалыптастырады («Сен ақылдысың! Сұлусың! Басқалардан ерекшесің!») және өз қажетіне қарай осылайша айла-шарғы жасайды. «Димаш, сен ең ақылды баласың! Анаңның өтінішін орындашы!» немесе «Ботам, сен менің ақылдымысың! Үлкендердің айтқанын тында!».

Мұндай ата-аналар балаларды шамадан тыс қамқорлыққа бөлейді. Олар өз

балаларына өте сирек ұрысады, бірақ ең бастысы – оларды нағыз еңбектің ауыртпалығынан немесе нағыз қиыншылықтардан барынша қорғаштайды.

Мұндай жағдайда бәрінен оңайы ата-аналық иландыру жүргізу: «Біздің Димаш заң факультетіне оқуға барады, ол өте қабілетті», «Димаш бұл жаман қызбен кездеспейді, солай ма, Димаш?». Осылай тәрбиелеу нәтижесінде баланы өзіндік сезім кернейді, басқа адамдарға залал келтіретін шамадан тыс өзімшіл және қанша таңқаларлық болмасын басқа ақылды адамдармен жеңіл басқарылады.

Шынында, ол өмірінің соңына дейін түйсіксіз түрде оны барлығы жақсы көрген, мәпелеген және ешқашан қарсылық көрмеген балалық шағының шарттарын қайталауға ұмтылады.

Мұндай адамдардың проблемасы өмір оларға қатаң сынақтар қойып немесе өздігінше бірдеңені жасау керек қажеттілігінен туындайды. Осыдан келіп олардың күш-қуаты кемігені байқалады.

Мұндай адамдардың басқалармен қатынасы қолайлы болуы мүмкін, бірақ олар өздерін айрықша тәкәппар ұстайды.

3. Ата-аналық менсінбеу қағидасы

Бұл қағиданы басшылыққа алатын ата-аналар балаға немқұрайды қарайды, кейде тіпті менсінбеушілікке дейін жетеді.

Осындай ата-аналармен тұратын балалар өмірлік бағдары болмағандықтан, өмірдегі орнын әрең анықтайды. Олар қайда бет алу керектігін, не істеу керектігін, неге ұмтылу керектігін түсінбейді.

Егер өктемшіл ортада тәрбиеленген балада өктемшіл ата-ана түріндегі қандай да бір бағдар болса, мұндай балаларда өмірде тіреніш ететін ешқандай бейне жоқ. Олар ата-аналарына жиі айтылмаған жиіркенішті сезінеді. Жоқ, мұндай балалар бастапқыда ата-аналарынан мейірімділікті, махаббат пен жылылықты күтіп, оған өзі ұмтылуы мүмкін, бірақ эмоционалдық қатаңдық немесе немқұрайдылыққа тап болып, ақыр аяғында өз-өзіне келіп тұйықталып қалады.

Ата-аналық тәрбиенің үш қағидасын және осыдан келіп туындайтын тәрбие стилін қарастыра отырып, балаларды бұлай тәрбиелеуге болмайды деген стильді көрсетеді: балаға іс-әрекет дербестігі мен шешім қабылдау еркіндігін бермей, шамадан тыс өктем түрде; балаға қиыншылықтарды бастан кешіріп, өз әрекетінің салдарын сезінуге мүмкіндік бермей, шамадан тыс қамқорлық көрсету түрінде; балаға жеткілікті көңіл бөлмей, жақсы көрмей, шамадан тыс немқұрайды қарау түрінде ТӘРБИЕЛЕУГЕ БОЛМАЙДЫ.

Тәрбие процесінде келесі қағидалар анықталған:

1. Араласпаушылық қағидасы – бұл баланың жеке өміріне ата-ананың өте шектеулі түрде қатысуы.

Ата-аналардың міндеті – баланы өздігінше және толыққанды өмірге бағыттау, және осы бағыттау барысында кез келген қысым немесе бала өміріне араласушылық болмауы керек.

Бұл оның таңдауы, қате болса да олардың өзіндік еркін білдіру көрінісі ретінде оны құрметтеу керек. Бала кәсіби, шығармашылық, зияткерлік немесе жеке өмірін қаншалықты ерте бастаса, бұл оған тұлға ретінде соншалықты

дұрысырақ.

2. Сөзсіз қабылдау қағидасы балаға шүбәсіз құндылық ретінде қарау қатынасын білдіреді.

Бұл балаға деген жалпы қарама-қатынасқа, сондай-ақ кез келген жеке жағдайларға, нақты амалдар мен баланың әрекеттеріне қатысты. Бала қателесуі, дұрыс шешім қабылдамауы, еркелеуі мүмкін – сөзсіз қабылдау қағидасы оны қалай болса солай, ешбір кінәлаусыз, сынаусыз және моральсыз-ақ қатынаста болуды ұсынады.

3. Демократиялық қағидасы.

Балаға деген демократияшыл қатынас – бұл балаға ең кішкентай жастан бастап әлсіз, қорғансыз, тәуелді, айтарлықтай дамымаған тірі ағза ретінде қабылдамай, ал керісінше – тәуелсіз, толыққанды, жауапты шешімдер мен әрекеттерге қабілетті тірі жан иесі ретінде қарауды білдіреді.

Бұл баланың пікірін үнемі ескеру керектігін, ата-аналардың меншігі емес, дұрысы дос, ата-ананың көмекшісі ретінде қарастыруды қажет етеді.

Егер бала өзін отбасында өзін басқа мүшелермен тең сезінсе, онда ол қоғамда да өзін тең сезінеді.

Мысалы, бұл былай болуы мүмкін: «Сағат алтыда үйде отыр, кешігуші болма!» *деудің орнына* «Балам, сенің бүгін серуеннен нешеде келетінінді талқылайық?».

«Бүгін тағы екі алдың ба, қалай ұялмайсың ба?» *деудің орнына* «Бота, сен бүгін мектепте үш алдың ба, сенің үлгеріміңді уайымдап жүрмін, бұл үшін саған не істей аламын?».

«**Баланы демократиялық тәрбиелеу кодексінен**» қысқаша үзінді ұсынамыз:

1) Мен өз баламды «ақымақ», «жалқау», «тілазар», «топас» және т.б. деп атап, ешқашан жәбірлемеймін.

2) Мен өзімнің нашар көңіл-күйімді, ашу-ызамды немесе агрессиямды ешқашан балама шығармаймын.

3) Мен балама ешқашан бұйыра сөйлемеймін, оны күштеп отырып бірдеңе (өмірге қауіпті жағдайлардан басқа) жасауға мәжбүрлемеймін.

4) Мен өз балама оның қолынан бірнәрсе келмейді, бірнәрсеге қабілеті жоқ, бұл нәрсе оған арналмаған деп ешқашан айтпаймын.

5) Алдын ала баламмен ақылдаспай тұрып, мен оған еш нәрсеге тыйым салмаймын.

6) Мен баламмен талқыламай тұрып, отбасындағы маңызды шешімді ешқашан өзім қабылдамаймын.

7) Мен балам үшін оның қолынан келетін затты ешқашан жасамаймын, ол өтініш білдірсе де мен оған көмектеспеймін.

8) Мен баламды өмірлік қиындықтардан қорғауға ұмтылмаймын, оларды ол өзі жеңіп үйренуі керек.

2. Тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық мазмұны мен формалары

Әрбір қоғамдық-тарихи даму кезеңінде тәрбиенің мақсаты, мазмұны мен формалары бойынша нақты тарихи сипаты бар. Ол қоғам өмірінің сипатымен және оны жүзеге асыруымен келісілген, сондықтан өз кезеңінің қоғамдық қарама-қайшылықтарын білдіреді.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу олардың әлеуметтік тәжірибенің жаңа элементтерін игеру арқылы оларды аға буынның қоғамдық қатынастарға, қатынас жүйесі мен қоғамдық-қажетті әрекетке араластыру нәтижесі мен процесінде жүзеге асырылады. Тәрбиелеу белгілі мақсаттарға бағытталған:

- *тұлғаның өмірі мен өзіне қатынасын қалыптастыру* – қоршаған ортамен, қоғаммен және басқа адамдармен өз қатынасының сипатын қалай білетіндігін, өз дербестігін, интеллектуалдық-танымдық, эмоционалдық-еріктік және коммуникативті-мінез-құлықтық ерекшеліктерін дұрыс түсінетіндігін, қоғамдағы өз орнын алатындығын білдіреді;

- *жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуы* – рухани байлық пен моральдық тазалықты өзінде үйлестіре білген, денелік тұрғыдан жетілген, кез келген мәселелерді шешуге қабілетті және өз жолында кездесетін түрлі қиындықтарды жеңетін адамды тәрбиелеу;

- *әлеуметтік-білікті тұлғаны тәрбиелеу* – бұл басқа адамдармен өзара әрекеттесудің байланысы мен сипатын дұрыс түсініп және бағалайтын, сондай-ақ олармен тату және жанжалсыз қатынас орната алатын, қоғамдағы шиеленісушілік пен түсінбестік көрінісін болдырмайтын адам;

- *адамды мәдениетке баулу* – эстетикалық дағдыларды қалыптастырып, шығармашылық даралығын дамыту;

- *азаматтық тұлғаны тәрбиелеу* – бұл өз халқы мен елінің нағыз патриотына, әлеуметтік әділетсіздік және теңсіздікпен күресушіге айналдыратын патриоттық сезімдер мен әлеуметтік маңызды сапаларды қалыптастыру;

- *дербес дамыған тұлғаны тәрбиелеу* – адамның қоршаған өмірде позитивті өзіндік өзгеру мен өзіндік жетілуге деген қабілеттерін қалыптастыруды білдіреді;

- *тұлғаның санасын дамыту, оның өзіндік анықталуына, жүзеге асуына, өзін танытуына көмектесу* – жеке-және әлеуметтік-психологиялық сапаларды үздіксіз жетілдірудің, қол жеткен жетістіктермен тоқтап қалмаудың өткір қажеттілігін сезінуді білдіреді.

Тәрбиенің 4 түрін ажыратады: *аға буын тәрбиесі, мектептегі-көшедегі тәрбие, ата-аналық тәрбие, жалданбалы тәрбие*. Бұл тәрбие түрлерінің әрқайсының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар, маңыздылығына байланысты өзіңізге және өз балаңызға қажетін тек Сіз ғана таңдайсыз (1-кесте).


1-кесте – Тәрбие категориялары

<i>Аға буын тәрбиесі</i>	
Сіз балаңызды ата-анаңызға бересіз, яғни Сіздің балаларыңызды олардың аталары мен әжелері тәрбиелейді.	
<u>Артықшылықтары.</u> Баланы кітап оқуға, қолөнерге баулиды, сондай-ақ ата-әжелерінің арқасында сіздің балаларыңыз түрлі ас даярлап үйренеді, егер сіздің ата-анаңыз ғаламдық желінің белсенді қолданушысы болмаған жағдайда теледидар мен ғаламтордың ықпалынан құтылады. Жақсы жақтары – айналада болып жатқан жағдайларға сіздің балаңыздың өзіндік көзқарасы болады. Мұндай тәрбие түрі сіздің балаларыңызға шығармашылық түйсінуге және көптеген дүниелерді, жалпы қабылдаған түсінікті айрықша басқа жағынан көруге көмектеседі.	<u>Кемшіліктері.</u> Тәрбиенің бұл түрі балаларды өз ата-анасынан айырып жібереді. Балалар атасы мен әжесіне көп бауыр басады, бұл болашақта балалар мен ата-аналар арасында өткір қарама-қайшылықтар туындатуы мүмкін. Сондай-ақ тәрбиенің мұндай түрі ата-аналар мен ата-әжелердің арасындағы қатынасты шиеленістіруі мүмкін. Себебі әрбір ұрпақтың тәрбиеге деген көзқарасы әртүрлі. Кемшіліктері – сіздің балаңыз болуы мүмкін техникалық жаңалықтардан кенже қалып қояды.
<i>Мектептегі-көшедегі тәрбие</i>	
Тәрбиенің бұл түрі ата-аналары жұмыста көп уақыт өткізетін балаларға тән. Сондықтан балалар өзіндік тәрбиеленумен айналысады – өзі қалаған жанмен қарым-қатынас орнатады.	
<u>Артықшылықтары.</u> Мұндай тәрбиенің артықшылығы – сіздің балаларыңыз ерте есейеді, сондай-ақ ерте жастан өзінше өмір сүріп үйренеді.	<u>Кемшіліктері.</u> Баланы бақылау мүмкін емес. Сіз балаңыздың нақты осы минутта немен айналысып отырғандығын біле алмайсыз. Осының салдарынан сіз өзіңізге «Әке мен бала проблемасын» тауып алуыңыз мүмкін.
<i>Ата-ана тәрбиесі</i>	
Тәрбиенің бұл түрі ата-аналар өмірінің көп бөлігін бала тәрбиесіне жұмсайтындығын білдіреді. Олар көп уақытын балалармен бірге өткізеді.	
<u>Артықшылықтары.</u> Сіз өз балаңыздың қызығушылығын білесіз, олардың мәселесін түсінесіз және оларды пайда болу ретіне қарай шешіп отырасыз. Сіздің балаларыңыз сізге сенім білдіреді және балалармен қарым-қатынаста қарама-қайшылықтардың туындамауы сіз үшін ең басты бақыт. Өз балаларыңыздың өміріндегі басты бедел ол – сіз.	<u>Кемшіліктері.</u> Сіздің балаларыңыз толықтай сіздің көшірмеңіз, тіпті сіздердің қызығушылықтарыңыз да ортақ. Уақыт өткен сайын балалармен айтатын әңгіме де таусылады. Егер сіз өз балаларыңызбен уақыт өткізіп үйреніп алсаңыз, басқа қалаға оқуға жіберу қиын, сонымен бірге осындай тәрбиенің арқасында ата-аналар балаларын балалық шақтағы достарының арасындағы кез келген адамнан қызғануы мүмкін.
<i>Жалдамалы тәрбие</i>	
Сіздің балаңызды бөтен адам тәрбиелеуін білдіреді. Көбінесе бала күтушілерді өз талғамыңыз бойынша таңдап алу өте қиын.	
<u>Артықшылықтары.</u> Мансап жасауға деген бос уақыттың болуы және егер сіз дұрыс бала бағушы таңдасаңыз онда сіздің балаларыңыз сенімді жанның қолында болады.	<u>Кемшіліктері.</u> Балаларыңыздың бала бағушымен өзара қатынастарын қадағалай алмайсыз және оның балаларыңызға қалай ықпал ететіндігін білмейсіз. Сіздің балалар сізден бөлектенеді және өз балаларыңызбен ортақ тұстарыңыз аз болады.

Тәрбие әдістері мен тәсілдерінің әрекеттілігі баланың психологиясына тұрақты түрде тәжірибеде негізделумен шарттастырылған. Тәрбиелеу *сендіру*; *жаттығу*; *үлгі ету*; *жарыстыру*; *мадақтау*; *мәжбүрлеу* сияқты әдістер жиынтығын қолдану арқасында қамтамасыз етіледі.

Сендіру әдісі – тәрбиенің негізгі әдісі, оқушы санасының рационалды саласына мұғалімнің ықпал етуін білдіреді. Оқушылардың дүниетанымын, жоғары азаматтық және саяси сапаларды, саналы көз жеткізушілікті қалыптастыру сияқты тәрбиенің басты міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

2-кесте – Сендіру әдісі



Іспен, жұмыспен сендіру әдістері «іспен насихаттау» идеяларын жүзеге асыруда, оқушыларды қызметтің жаңа амалдары мен формаларын игеруге итермелеу қажеттілігін дәлелдеуде аса қажет.

Тәрбиенің жаттығу әдісі деп әдетте оқушыларға дұрыс жүріс-тұрыс тәжірибесін, тапсырмаларды орындауда өзіндік жинақтау, олардың жеке сапаларын, сезімін және еркін дамытуға, жағымды әдеттерді қалыптастыру, білім, сендіру мен мінез-құлық, сөз бен іс бірлігін қамтамасыз ету, күнделікті өмірді, оқу үдерісін, қызметті ұйымдастырудың жүйесін түсіндіреміз.

Үлгі ету әдісі оқушының санасы мен мінез-құлқына еліктеуге үлгі, коммуникативті мінез-құлық идеясын қалыптастыру негізі, өзіндік тәрбиелеуге ынталандыру құралы бола алатын жағымды мысалдар жүйесі арқылы мақсатты және жоспарлы ықпал етуді білдіреді.

Біздің түсінігіміздегі *позитивті* мысал – бұл адамдардың үлгілі әрекеттері,

істері (адамның барлық өмірі), сапалары және біздің идеалымызға сәйкес келетін қызметтің мақсаттарына қол жеткізудің амалдары мен әдістері. Балаларға өздерін танымал тұлғаға, өнер туындысының кейіпкеріне теңдестіру, олардың іс-әрекетіне, мінез-құлқы мен өмір салтына еліктеу тән.

Балалардың арасында еліктеуге деген теріс қатынасты да кездестіруге болады. Бұл еліктеу басқа адамдардың мінез-құлқындағы сыртқы белгілерді механикалық, көзсіз көшіру ретінде қарапайым түсінуге негізделген.

Мадақтау – бұл тәрбиеленушіні жағымды, бастамалы, шығармашылық қызметке итермелейтін, сыртқы белсенді ынталандыру әдісі.

Педагог оқушының оқу, еңбек, ойын, қоғамдық, тұрмыстық қызметінде мадақтау әдісін қолдана отырып, олардың еңбегінің тиімділігі мен сапасын көтеруге, олардың өзіндік қалыптасуына жағдай жасауға қол жеткізеді.

Мақұлдау – мадақтаудың қарапайым түрі. Аса жоғары деңгейдегі мадақтауға – *алғыс, марапаттау* жатады – олар күшті және тұрақты жағымды эмоцияларды туындатады, бұл тәрбиеленушілерге немесе ұжымға ұзақ уақыт ынта береді, себебі олар ұзақ және табанды жұмысты ғана көрсетіп қана қоймайды, сондай-ақ жаңа, жоғары деңгейге қол жеткізілгендігін дәлелдейді. Мадақтау педагогикалық тұрғыдан негізделсе, яғни алдымен оқудағы шынайы қол жеткізілген маңызды нәтиже үшін берілсе – тәрбиелейді.

Мәжбүрлеу – бұл тәрбиеленушінің өз кінәсін сезінгісі және өз мінез-құлқын түзеткісі келмейтіндігіне қарамастан, өз міндеттерін орындауға итермелейтін шараларды қолдану.

Мұғалім шынайы болмағандар үшін оқуын қадағалауды күшейту, нақты тапсырмаларды орындау мерзімдерін анықтау, басқа оқушылардың алдында әңгімелесу сияқты жеке әсер ету құралын табуы керек.

Бұл ықылассыз балаларға қатаң мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкін болатындығының дәлелі. Мұндай жағдайда түзелу келешегін, жетістіктерін, оқушының талпынысын, өзін сауықтыруға деген ұмтылысын уақытылы көрсету қажет.

Жазалау балалардың саналы түрде қызмет ұжымы мен жекелеген тұлғалардың мүддесіне қайшы келетін зиянды, көргенсіз әрекет жасауын жанжалды түрде тоқтату тәсілін білдіреді. Жазалау мінез-құлық нормаларын бұзушыға оған сенімсіздік, наразылық таныту, құрметтеуден бас тарту сияқты қоғамдық пікірмен айыптау формасында қолданылады.

3 Ата-аналарға ақыл-кеңес: «Балаларды дұрыс тәрбиелеудің қағидалары» әдістемелік нұсқаулары

Бала тәрбиесі – аса күрделі және көп қырлы мәселе, және оған тәрбиенің теориялық негіздерін оқу арқылы қол жеткізу мүмкін емес.

Сол себепті, біз сіздердің назарларыңызға психологиялық тесттерді ұсынамыз, олар сізге тәрбие мен бала психологиясы мәселелерін түсінуіңізге көмектеседі.

Балалармен қарым-қатынасты өзіндік бағалау

Баланы тәрбиелеу процесіндегі өз жүріс-тұрысыңызды 5-баллдық шәкіл бойынша бағалаңыз.

1. Мен баланың даралығы туралы әрқашан есте сақтаймын.
2. Мен әрбір жаңа жағдай жаңа шешімді талап ететіндігін әрдайым білемін және ескеремін.
3. Мен кішкентай баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсінуге әрқашан тырысамын.
4. Мен қарама-қайшылықтарды қалыпты дамудың факторы ретінде қабылдаймын.
5. Мен баламен қарым-қатынаста орнықтымын.
6. Мен «болмайды» дегенді азайтып, «болады» дегенді көбейтуге тырысамын.
7. Мен үшін жазалау – тәрбиелеудің соңғы құралы болып табылады.
8. Мен балаға оның әрекеттерінің теріс салдарынан құтыла алмаушылық мүмкіндігін беруге ұмтыламын.
9. Мен мүмкіндігінше болуы мүмкін теріс салдарды түсіндіру әдісін пайдаланамын.
10. Мен материалдық ынталандыруларды емес, моральдық ынталандырулар диапазонын кеңейтуге тырысамын.
11. Мен шама мен әдепті сақтай отырып, басқа балалар мен ата-аналардың жақсы үлгілерін пайдалануға тырысамын.

Барлық көзқарастар бойынша алынған баллдарды есептеңіз және қосындының орташа арифметикалық шамасын табыңыз.

4,5-5 балл. Сіздің бала тәрбиесіне және онымен өзара қатынасына деген дайындығыңыз жоғары. Сіз балалармен болуы мүмкін ауыр жанжалдардан құтылуға мүмкіндік беретін жоғары психологиялық-педагогикалық мәдениетті меңгергенсіз.

3-4,5 балл. Сіздің бала тәрбиесіне деген дайындығыңыз орташа. Балалармен өзара әрекеттесу кезінде қақтығыстар туындауы мүмкін.

3 баллдан төмен. Сіздің бала тәрбиесіне деген дайындығыңыз төмен. Балалармен болуы мүмкін жанжалдардан құтылу үшін шұғыл түрде өзіндік білімді, психологиялық-педагогикалық мәдениетті көтеру қажет.

Ата-аналық қатынас тесті

Сіз өзіңіз келісетін пайымдауларды дөңгелектеңіз.

1. Мен әрқашан өз балама тілектестік білдіремін.
2. Мен өз баламның не туралы ойлайтындығын білуге міндеттімін деп

санаймын.

3. Мен өз баламды сыйлаймын.

4. Меніңше, менің баламның мінез-құлқы нормадан айтарлықтай ауытқыған.

5. Шынайы өмірлік мәселелер балаға зақым келтірсе, одан баланы алысырақ ұстау керек.

6. Мен балаға жақсы ықыласты (симпатия) сезінемін.

7. Жақсы ата-ана баласын өмірлік қиыншылықтардан қорғайды.

8. Менің балам маған көбіне сүйкімсіз болып көрінеді.

9. Мен әрдайым өз балама көмектесуге тырысамын.

10. Балаға деген суық қатынас оған үлкен пайда әкелетіндігі сияқты жағдайлар болады.

11. Мен өз балама қатысты ыза-өкінішті сезінемін.

12. Менің балам өмірде ештеңеге қол жеткізе алмайды.

13. Меніңше, басқа балалар менің баламды келемеждейді.

14. Менің балам кінәлауға лайықты әрекеттерді жиі жасайды.

15. Баламның психологиялық дамуы кейін қалған және өз жасына сәйкес жеткілікті дамымаған.

16. Балам менің ызамды келтіру үшін өзін әдейі ұнамсыз ұстайды.

17. Менің балам барлық жаман нәрсені «сіңіріп» алады.

18. Қанша тырыссаң да менің баламды жақсы мәнерлерге үйрету қиын.

19. Баланы қатандықта ұстау қажет, сонда ол парасатты адам болып өседі.

20. Менің баламның достары біздің үйге келгені маған ұнайды.

21. Баламның ойыны мен жұмыстарына мен қатысамын.

22. Менің балама жаман нәрселер әрдайым «үйір».

23. Менің балам өмірде жетістікке жетпейді.

24. Таныстардың ортасында балалар туралы айтқанда баламның басқа балалар сияқты ақылды және қабілетті болмағаны үшін ұяламын.

25. Мен өз баламды аяймын.

26. Мен өз баламды оның құрдастарымен салыстырсам, олар менің балама қарағанда тәрбиелі және ақылды сияқты.

27. Өзімнің бос уақытымды баламмен рақаттанып өткіземін.

28. Баламның есейіп, ер жеткендігі мені жиі қынжылтады, және оның бала кезін мейіріммен еске аламын.

29. Өзімнің балама жиіркенішпен және қастықпен қарайтынымды жиі байқаймын.

30. Мен өмірде қол жеткізбеген дүниелерге менің балам жетсе екен деп армандаймын.

31. Ата-аналар баласына тек талап қоймай, сондай-ақ өздері оған бейімделіп, оған құрметпен қарауы керек.

32. Мен баламның барлық өтініштері мен тілектерін орындауға тырысамын.

33. Отбасылық шешім қабылдау кезінде баланың пікірін ескерген дұрыс.

34. Мен баламның өміріне аса қызығушылық танытамын.

35. Балам өз талаптары мен наразылықтарында өздігінше дұрыс

істейтіндігін мен жиі мойындаймын.

36. Балалар ата-аналарының қателесетіндігін алдын ала біледі.

37. Мен баламмен әрқашан санасамын.

38. Мен балаға достық қатынаста қараймын.

39. Менің баламның еркелігінің басты себебі – өзімшілдік, қыңырлық және жалқаулық.

40. Баламен демалысыңды өткізсең, дұрыс демалу мүмкін емес.

41. Балада тыныш және алаңсыз балалық болу – ең маңыздысы.

42. Маған кейде балам жақсы нәрсеге қабілеті жоқ сияқты болып көрінеді.

43. Мен баламның қызығушылығын қолдаймын.

44. Менің балам кімнің болсын ашу-ызасын тудырады.

45. Мен өз баламның күйзелісін түсінемін.

46. Менің балам мені жиі ашуландырады.

47. Бала тәрбиесі – бірыңғай жүйке тоздыру.

48. Балалық шақтағы қатаң тәртіп өр мінезді дамытады.

49. Мен өз балама сенбеймін.

50. Қатаң тәрбие бергені үшін балалар кейін өз ата-аналарына алғыс білдіреді.

51. Кейде меніңше, мен өз баламды жек көретін сияқтымын.

52. Менің баламның артықшылықтан гөрі, кемшілігі көп.

53. Мен өз баламның қызығушылықтарын қолдамаймын.

54. Менің балам өздігінше бірдеңе істеуге қабілетсіз, ал егер істейтін болса, онда ойдағыдай болмайды.

55. Менің балам өмірге бейімделмей өсуде.

56. Менің балам маған осы қалпында ұнайды.

57. Мен баламның денсаулық жағдайын мұқият қадағалаймын.

58. Мен өз балама жиі таң қаламын.

59. Баланың ата-анасынан ешқандай сыры болмау керек.

60. Баламның қабілеттері туралы пікірім жоғары емес және мен оны баламнан жасырмаймын.

61. Бала өзінің ата-анасына ұнайтын балалармен дос болу керектігі аса маңызды.

Оң жауап 1 баллмен бағаланады. Әрбір шәкіл бойынша баллдарды қосыңыз.

1. Баланы қабылдау – шеттету: 3, 5, 6, 8, 12, 14, 15, 16, 18, 20, 23, 24, 26, 27, 29, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 52, 53, 55, 56, 60.

2. Қауымдасу: 21, 25, 31, 33, 34, 35, 36.

3. Селбесу (симбиоз): 1, 4, 28, 32, 41, 58.

4. Бақылау: 2, 19, 30, 48, 50, 57, 59.

5. Баланың сәтсіздіктеріне деген қатынас: 9, 11, 13, 17, 22, 54, 61.

Бағалау. 1-шәкіл (24-33) бойынша жоғары балл сіздің балаға деген жағымды қатынасыңызды білдіреді. Сіз ол қандай, сол қалпында қабылдап, құрметтеп, оны жеке тұлға ретінде мойындап, оның қызығушылықтарын мақұлдап, жоспарын қолдап, онымен бірге жеткілікті уақыт өткізесіз және оған өкінбейсіз. Бұл шәкіл бойынша төменгі балл (0-8) сіз балаға қатысты негізінде

ашу, өшігу, ызалану, жек көрушілік сияқты жағымсыз сезімдерді сезінесіз. Сіз балаңызды жолы болмаушы деп санайсыз, оның болашағына сенбейсіз, оның қабілеттерін төмен бағалайсыз және балаңызды жиі кемсітесіз.

Қауымдасу шәкілі бойынша жоғары балл (7-8 балл) – сіз баланың өміріне бүкпесіз қызығасыз, оның қабілеттерін жоғары бағалайсыз, даралық пен бастаманы марапаттайсыз, онымен тең болуға тырысасыз. Бұл шәкіл бойынша төменгі балл (1-2 балл) – сіздің балаға қатысты қарама-қайшы ұстанымда екендігіңізді білдіреді.

Селбесу (симбиоз) шәкілі бойынша жоғары балл (6-7 балл) сіз өзіңізбен және балаңыздың арасындағы психологиялық арақашықтықты айқындамағандығыңыз туралы қорытынды жасауға болады, оған әрқашан жақын болуға, оның негізгі орынды қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оны сәтсіздіктерден қорғауға тырысасыз. Осы шәкіл бойынша төменгі балл (1-2 балл) – бұл керісінше, сіздің балаңызбен арадағы психологиялық арақашықтықты айқындап, оған аз қамқорлық көрсететіндігіңіздің белгісі.

Бақылау шәкілі бойынша жоғары балл (6-7 балл) балаға қатысты өзіңізді өте өктем ұстап әрекет жасайсыз, одан сөзсіз құлақ қоюды талап етіп, қатаң тәртіптік шектеулер қоясыз. Әрқашан балаға өз ерік-қалауыңызды мәжбүрлеп таңасыз. Бұл шәкіл бойынша төменгі балл (1-2 балл), керісінше, балаңыздың әрекеттерін сіздің тарапыңыздан бақылау жеткіліксіз екендігін білдіреді.

5-шәкіл бойынша жоғары бағалаулар (7-8 балл) – балаңызды кішкентай жолы болмаушы ретінде санап, оған зердесі төмен тірі ағза ретінде қатынаста екендігіңіздің белгісі. Баланың қызығушылықтары, әуестіктері, ойлары мен сезімдері сізге маңызсыз болып көрінеді, сіз оларды елеп-ескермейсіз. Төменгі балл (1-2 балл) сіз балаңыздың сәтсіздіктерін кездейсоқтық деп санайтындығыңызды және оған сенетіндігіңізді көрсетеді.

Қорытынды

Бала дамуына деген ата-ананың ықпалы өте зор. Махаббат пен түсіністікте өскен балалар денсаулығымен, мектептегі оқуымен, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуімен байланысты проблемалары аз.

Тәрбие процесі көп еңбектенуді қажетсінеді, ата-аналардың дене күші мен ақыл-ой-моральдық күшін де қажетсінеді. Сол себепті балада мінездің белгілерін, олардың адамдар мен өмірге деген қатынасының негізін салу қажет.

Балалар ең алдымен ата-анасынан үлгі алатындығын ұмытпаңыз. Сіздің балаға деген қарым-қатынасыңыз оның қандай адам болып өсетіндігіне ықпал етеді. Балалармен толыққанды байланысу күш-жігер және уақытты талап етеді.

Әдістемелік нұсқауларда баланың психологиялық дамуы негізделетін ата-аналық тәрбиелеудің негізгі қағидалары берілген.

Аталған әдістемелік ұсыныстарды ата-аналардың ойдағыдай пайдалануы дұрыс ата-аналық тәрбие берудің қағидаларын қамтамасыз етіп, осыдан туындайтын балаларды бұлай тәрбиелеуге болмайды деген тәрбиелеу стилін көрсетеді:

- балаға іс-әрекет дербестігі мен шешім қабылдау еркіндігін бермей, шамадан тыс өктем түрде;

- балаға қиыншылықтарды бастан кешіріп, өз әрекетінің салдарын сезінуге мүмкіндік бермей, шамадан тыс қамқор түрде;

- балаға жеткіліксіз көңіл бөліп, жақсы көрмей, шамадан тыс немқұрайды түрде ТӘРБИЕЛЕУГЕ БОЛМАЙДЫ.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» – Астана, 2012 // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 желтоқсан.

2 Крысько В.Г. Психология и педагогика. Вопросы-ответы. Структурные схемы: учеб. пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004. –367 с.

3 Чепмен Г. Пять путей к сердцу ребенка: Перевод с англ. – СПб.: Христианское общество, 2009. – 322 с.

4 Старшенбаум Г.В. Наши дети. – Ростов н/Д:Феникс, 2012. – 254 с. (Психологический практикум).

5 Шаграева О.А. Детская психология: Теоретический и практический курс: Учеб. Пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. – 368 с.

6 Энтробас Л. Золотой ребенок: Перевод с англ. И.В. Гродель. – Минск: «Попурри», 2010. – 176 с.

7 Синягина Н.Ю. Современная молодая семья: взрослые и дети. – СПб.: КАРО, 2007. – 208 с.

8 Синягина Н.Ю. Психолого-педагогическая коррекция детско-родительских отношений. –М.: Владос, 2006. – 96 с.

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Балаларды тәрбиелеудің психологиялық қағидалары.....	4
2	Тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық мазмұны мен формалары	7
3	Ата-аналарға ақыл-кеңес: «Балаларды дұрыс тәрбиелеудің қағидалары» әдістемелік ұсыныстар.....	11
	Қорытынды	15
	Әдебиет	16

Введение

Воспитание как общественное явление – сложный и противоречивый социально-исторический процесс вхождения, включения подрастающих поколений в жизнь общества, в быт, общественно-производственную деятельность, творчество, духовность.

Глава государства Н.А. Назарбаев в Послании народу Казахстана «Казахстан-2050» подчеркнул: «Какой наша страна будет в будущем напрямую зависит от того, что мы сегодня воспитываем в наших детях» [1].

